№ 13-01-08/5864-И от 10.12.2025

Қазақстан
Республикасының
Премьер-Министрі
О.А. Бектеновке

«Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 121 Жарлығын іске асыру жөніндегі Жол картасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімінің жобасына түсіндірме жазба

1. Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі.

2. Тиісті нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Үкімет пен Кеңсе басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына жасалған сілтемесі бар жобаны қабылдаудың негіздемелері және/немесе оны қабылдау қажеттілігінің басқа да негіздемелері.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасарының 2023 жылғы 6 қыркүйектегі № 11-15/3859 тапсырмаларына сәйкес.

3.Жоба бойынша қаржылық шығындардың қажеттілігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есептемелер, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі).

Жобаны қаржыландыру әртүрлі көздерден көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және/немесе өзге салдарлар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне ықпалы.

Жобаны қабылдау Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясының іске асырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жол картасы мемлекеттік органдар мен ұйымдардың декарбонизация және одан әрі төмен көміртекті даму саласындағы міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-қимылдарын

Дата: 10.12.2025 14:35. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

үйлестіруді қамтамасыз ете отырып, іс-шаралардың реттілігін, мерзімдерін және жауапты орындаушыларды айқындайды. Іс-шараларды іске асыру парниктік газдар шығарындыларын азайту бөлігінде Париж келісімі бойынша Қазақстанның міндеттемелерін орындауға жәрдемдеседі.

Жобаны қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және (немесе) өзге де құқықтық салдарға әкеп соқпайды, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал етпейді.

5. Нақты мақсаттар және күтілетін нәтижелердің мерзімі.

Жол картасының мақсаттары елдің 2060 жылға дейінгі ұзақ мерзімді дамуының басым міндеттерін іске асыруға және «жасыл» өсудің негізгі бағдарларына қол жеткізуге бағытталған. Құжат жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын төмендетуді, жаңартылатын энергия көздерінің үлесін ұлғайтуды, ауыл шаруашылығы жерлерінің өнімділігін және табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруды көздейді. Экономиканың төмен көміртекті трансформациясы жағдайында халықты әлеуметтік бейімдеу мен жұмыспен қамтуды көздейтін әділ ауысуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұрақты климаттық қаржыландыру жүйесін қалыптастыруға ерекше назар аударылды.

Аталған шараларды іске асыру парниктік газдар шығарындыларының деңгейі төмен тұрақты және бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруға ықпал етеді.

6. Жобада қаралатын мәселелер және оларды іске асыру нәтижелері бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері туралы мәліметтер

Жоқ.

7. Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда, заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетінін-етілмейтінін көрсету) не мұндай қажеттіліктің болмауы.

Талап етілмейді.

8. Ұсынылған халықаралық шарттың жобасын кейіннен ратификациялау қажеттігі туралы ақпарат.

Халықаралық шарт болып табылмайды.

9. Мемлекеттік құпияларды және (немесе) қызметтік ақпаратты қамтитын жобаларды қоспағанда, Кеңсе Басшысы мен Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 25-1-32қбпү/22П-қбпү бірлескен бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесінде беруге рұқсат етілген қызметтік ақпарат тізбесіне сәйкес жобаларды және оларға материалдарды «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесі арқылы Үкімет мүшелерінің мобильдік құрылғыларына беру мүмкіндігі.

Дата: 10.12.2025 14:35. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Рұқсат беріледі.

10. Қаулы жобасының мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылғаны туралы ақпарат (күні, байт саны).

Талап етілмейді.

11.Әлеуметтік мәні бар қаулы жобасына баспасөз релизінің уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылғаны туралы ақпарат

Талап етілмейді.

12. Қаулы жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.

Сәйкес келеді.

13. Жобаны қолданысқа енгізуге байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығындарының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есептемелердің нәтижелері.

Талап етілмейді.

14. Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің сараптама кеңестерінің сараптамалық қорытындысымен келіспеу себептерінің дәлелді негіздемесі.

Талап етілмейді.

15. Үкіметтің қаулы жобасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында мемлекеттік органда қоғамдық кеңес құру көзделмеген жағдайлардан басқа, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын болса, қоғамдық кеңестің ұсынымдарымен келіспеу себептерінің дәлелді негіздемесі.

Талап етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары –
Ұлттық экономика министрі **С. Жұманғарин**

Согласовано
05.12.2025 15:34 Мағзұм Қалыбек Балғаұлы
05.12.2025 17:01 Хисматулин Вагиз Раилович

Подписано
10.12.2025 11:04 Дарбаев Асан Кобентаевич

Дата: 10.12.2025 14:35. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Дата: 10.12.2025 14:35. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 13-01-08/5864-И от 10.12.2025 г.
Организация/ отправитель	МИНИСТЕРСТВО НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Получатель (-и)	НАЦИОНАЛЬНАЯ ПАЛАТА ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «АТАМЕКЕН»
	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	Государственное учреждение "Министерство национальной экономики Республики Казахстан" Согласовано: МАҒЗҰМ ҚАЛЫБЕК MIIRBgYJ...rMDN1V7ah Время подписи: 05.12.2025 15:34
	Государственное учреждение "Министерство национальной экономики Республики Казахстан" Согласовано: ХИСМАТУЛИН ВАГИЗ MIIRTgYJ...OVcbgL0Tc Время подписи: 05.12.2025 17:01
	Государственное учреждение "Министерство национальной экономики Республики Казахстан" Подписано: ДАРБАЕВ АСАН MIISmAYJ...w7q+zZK8d Время подписи: 10.12.2025 11:04
	Государственное учреждение "Министерство национальной экономики Республики Казахстан" ЭЦП канцелярии: ЖУНУСОВА АРУЖАН MIIS3gYJ...A4uuTCQ== Время подписи: 10.12.2025 11:21

[[QRCODE]]

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Дата: 10.12.2025 14:35. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП